



Құрметті студент!

2017 жылы «Жаратылыстану ғылымдары - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B060900	«География»	1. Жалпы жертану 2. Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе 3. Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы 4. Қазақстан географиясы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Жалпы жертану
 - Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе
 - Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы
 - Қазақстан географиясы
- Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Жалпы жертану

1. Географиялық ғылымдардың зерттеу нысандары:

- A) геожүйелер
- B) кристалдар
- C) жануарлар дүниесі
- D) табиғи аймақтар
- E) адам ағзалары
- F) атом, молекулалар

2. Атмосфера:

- A) Қос-дөңес линзаның пішініне ие
- B) Физикалық сипаттамалары болмайды
- C) Жердің тартылыс күші арқылы ұсталынып тұр
- D) Географиялық қабықтың бөлігі емес
- E) Жердің айналу процесіне қатысады
- F) Жердің ауа қабығы

3. Жел бағыты:

- A) Термометрмен анықталады
- B) Желдің тыныш күйімен анықталады
- C) Жел розасы арқылы анықталады
- D) Өлшем бірлігі $\text{кг}/\text{м}^2$
- E) Бағытын метеорологиялық қызметтер қалыптастырады
- F) 0 ден 12 балл аралығында бағаланады

4. Жердегі су ресурстары бөлінеді:

- A) әлемдік мұхит сулары
- B) жер асты сулар
- C) жер беті немесе континентальды сулар
- D) атмосфералық, топырақ ылғалдылығы
- E) грунт, артезиан
- F) батпақ, биологиялық су

5. Гидросфера:

- A) Дүниежүзілік мұхитты, криосфераны, литосфера мен атмосфераны қамтиды
- B) Барлық агрегаттық күйдегі суларды қамтитын Жердің тұтас қабаты
- C) Шөлдерде, шөлейттерде және және Антарктидада болмайды
- D) Құрамы біркелкі
- E) Текше бойынша анық жымдастыққа ие
- F) Литосферамен бір мезгілде қалыптасқан
- G) Планеталық су айналымына қатысады

6. В.В.Докучаев географиялық мектебінің кейінгі дамуына зор үлес қосқан ғалымдар:

- A) Н. М. Пржевальский
- B) Б.Б.Полынов
- C) С.С.Неуструев
- D) Б.П.Алисов
- E) С.Тянь- Шанский
- F) Н.А.Солнцев
- G) Л.С.Берг

7. Атмосферада көмірқышқыл газдың мөлшері (%):

- A) 1,33
- B) 0,038
- C) 0,50 шамасында
- D) 1,52 шамасында
- E) 1,36
- F) 1% астам

8. Өндіріс қалдықтарын пайдаға асырудың әдістері:

- A) Басты бірінші реттік шикізат ретінде пайдалану
- B) Тікелей пайдалану
- C) Өнеркәсіпті орналастыру барысында дұрыс шоғырландыру
- D) Басқа да шикізат көздерімен бірге пайдалану
- E) Жою
- F) Жанама өнім ретінде сату
- G) Дүниежүзілік мұхитқа ағызып жіберу

9. Жер қойнауын құрайтын заттардың физикалық қасиеттері:

- A) ауырлық күші үдеуі
- B) ылғалдану
- C) тотығу
- D) қысым
- E) тығыздық

10. Компоненттердің өзара әсер етуінің нәтижесінде географиялық қабықтың өзіне ғана тән қасиеттері:

- A) ауа құрамын өзгертуге ықпалы
- B) эндогендік күштердің пайда болуы
- C) физикалық процестердің пайда болуы
- D) органикалық заттарды бейорганикалық заттарға айналдыру процесінің жүруі
- E) жауын- шашынның түсуі
- F) топырақ, жасыл өсімдіктердің күн энергиясын сіңіруі

11. Жер қыртысының бөлімшелерінің жасын анықтау әдістері:

- A) Ғарыштық денелердің орналасуы арқылы
- B) Палеонтологиялық
- C) Аумақтық метеоклиматтық белгілер арқылы
- D) Стратиграфиялық
- E) Юлиан күнтізбесі бойынша
- F) Ағаштардағы жылдық сақиналар көмегімен
- G) Радиоактивті

12. Географиялық қабықтың ноосфералық даму сатысын сипаттайды:

- A) Антропогендік компоненттердің қалыптасуы
- B) Барлық сфералардың өзара әрекеттестігі
- C) Антропогендік айналымның табиғи айналымның орнын толық басуы
- D) Адам Жердің пішінін өзгертуі
- E) Зат пен қуаттың антропогендік айналымының пайда болуы
- F) Табиғат пен қоғамның өзара әрекеттестігі

13. Редуценттер:

- A) Күн энергиясымен қоректенеді
- B) Органикалық қарапайым және минералды заттарға ыдырататын организмдер
- C) Бактериялар мен саңырауқұлақтар
- D) Коацерваттар
- E) Шіруге алып келетін организмдер

14. Қара топырақтың сипаты:

- A) Жоғары табиғи құнарлық
- B) Табиғи құнарлығы жоқ
- C) Қызғылт рең
- D) Қарашірік қабаты нашар дамыған
- E) Жеңіл еритін тұздардың жоғары мөлшері

15. Топырақ қалыптастырушы факторлар (В.В. Докучаев бойынша):

- A) Сыртқы және ішкі факторлар
- B) Эдафикалық факторлар
- C) Климат, жергілікті жер бедері және топырақтардың жасы
- D) Өсімдік, жануарлар дүниесі және микроорганизмдер
- E) Аналық (топырақтүзуші) жыныстар

16. Географиялық қабықта болып жатқан айналымдар:

- A) Геотермиялық сатылар
- B) Биологиялық айналым
- C) Уақыт және кеңістікте статикалық
- D) Мұхиттағы су айналымы
- E) Жабық және мінсіз болып табылады
- F) Барикалық градиент
- G) Жер шарын айналу экспедициялары

17. Тәуліктік ырғақтылықтың көріністері:

- A) Табиғи зоналардың болуы
- B) Бриздер
- C) Тәулік ішінде температураның жоғары ауытқулары
- D) Зат пен энергияның планетарлық айналымы
- E) Көктемнен соң жаздың келуі
- F) Ландшафттардың қалыптасуы

18. Географиялық қабықтың бастапқы компоненті:

- A) Тау жынысы
- B) Аридті дала
- C) Ландшафт
- D) Ауа
- E) Джунгли
- F) Географиялық қабық
- G) Табиғат кешені

19. Ландшафттың басты морфологиялық бөлігі:

- A) Тау жынысы
- B) Бедленд
- C) Қампаю дөңесі
- D) Жыныс құрушы минерал
- E) Шағын мекен
- F) Мекен
- G) Фация

20. Күн жүйесінің пайда болуын табиғи жолмен түсіндіру туралы айналысты:

- A) А.Вегенер
- B) И.Кант
- C) А.Марков
- D) Г.Галилей
- E) А.А.Григорьев

21. Материктердің қозғалатындығы туралы идеяны ХІХ ғасырдың екінші жартысында ұсынғандар:

- A) Ф.Тейлор
- B) В.Иванов
- C) А.Снайдер-Пеллегрини
- D) М.Ломоносов
- E) Д.Бруно
- F) Н.Вавилов
- G) Н.Коперник

22. Атмосферадағы газ құрамының өзгеруінің антропогендік себептері:

- A) Азоналды факторлардың әсері
- B) Фреондардың шығарылуы
- C) Трофикалық байланыстардың өзгеруі
- D) Метан мен азот тотықтарының шығарылуы
- E) Атмосфераға қатты түйірлердің түсуі
- F) Төсенішті жер бетінің құрылымының өзгеруі

23. Тау жыныстардың физикалық-механикалық қасиеттерінің антропогендік өзгеруі:

- A) Нығыздалу
- B) Жымдастық
- C) Озон қабатының бұзылуы
- D) Тығыздықтың азаюы
- E) Вулкандық аумақтарда метаморфизациялану

24. Халық денсаулығының мониторингі:

- A) Төменгі иерархиялық деңгей болып табылады
- B) Климаттың қалыптасуына әсер ететін биосфераның бөлігін қамтиды: атмосфераны, мұхиттарды, мұздықтарды және басқаларын
- C) Халықтың физикалық денсаулығының көрсеткіштерін бағалау және болжау жөніндегі шаралар кешені
- D) Жоғары иерархиялық деңгей болып табылады
- E) Халық денсаулығын физикалық көрсеткіштерін байқау жөніндегі шаралар кешені

25. Атмосфералық жауын-шашындар мониторингі:

- A) Қоршаған орта мен аумақтар объектілерінің техногенді және табиғи радиоактивті ластануын зерттейді
- B) Негізінен ғарыштық техниканы пайдаланып, қашықтан бақылау әдістерін пайдаланатын мониторинг
- C) Беткі және жерасты суларының сапасын зерттейді
- D) Қоршаған орта мониторингінің бір түрі
- E) Атмосфераның ластану көрсеткіштерін зерттейді

**Жалпы жертану
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе

1. Экономикалық географиялық идеялардың қалыптасу кезеңдері:
 - A) Жаңа
 - B) Орта ғасыр
 - C) Антикалық
 - D) Саяси
 - E) Ежелгі
 - F) Қайта өрлеу
 - G) Ең жаңа
 - H) Тірілту

2. Саяси география ғылымдардың біріккен саласы:
 - A) Әлеуметтану
 - B) Демография
 - C) Географиялық мемлекеттану
 - D) Саяси аймақтану
 - E) Геосаясат

3. Жаһандық жүйе дамуының ақпараттық теориясының деңгейлері:
 - A) Ақпарат
 - B) Түсінік
 - C) Саралау
 - D) Мәселе
 - E) Даму
 - F) Болжау
 - G) Мәліметтерге анализ жасау
 - H) Ақпарат жинақтау

4. Табиғи ресурстардың шаруашылықта пайдалану тұрғысынан топтастырылуы:
 - A) Сарқылатын, қайта қалпына келмейтін
 - B) Шаруашылық
 - C) Энергетикалық
 - D) Әлеуетті
 - E) Сарқылатын, қайта қалпына келетін

5. Әлемдік мұхит әртүрлі табиғи қорлардың үлкен қамбасы:

- A) территориялық
- B) биологиялық
- C) экологиялық
- D) минералдық
- E) энергетикалық
- F) рекреациялық
- G) металлургиялық
- H) экономикалық

6. Өзен сулары ластануының басты себептері:

- A) Тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланылған суларды өзенге ағызып жіберу
- B) Ауыл шаруашылық алқаптарының өзен бойында орналасуы
- C) Өзен бойында ірі қалалардың орналасуы
- D) Атмосфераның ластануы
- E) Халықтың тығыз орналасуы
- F) Техникалық құрылыстардың салынуы
- G) Қышқыл жауындар
- H) Өнеркәсіп орындарының қалдықтарының өзенге жіберілуі

7. Жаңа индустриалды елдер:

- A) Корея Республикасы
- B) Таиланд
- C) Руанда
- D) Сауда Аравиясы
- E) Ауғанстан
- F) Сингапур
- G) Мали
- H) Нигер

8. Ғаламдық жүйенің проблемаларына жатады:

- A) Тіршілік ортасының ластануы
- B) Қоғам, техниканың табиғатпен байланысы
- C) Ресурстық әлеуметтің азаюы
- D) Қоғам мен техника арасындағы байланыс
- E) Этностардың сақталуы
- F) Қоғамдағы айырмашылықтар
- G) Техниканың адам өміріндегі рөлінің артуы
- H) Ғаламдық жүйенің деградациясы

9. Дүниежүзілік шаруашылықтың басты өнеркәсіптік революциялары:

- A) Ғылыми-техникалық озықтық
- B) Робот жасау
- C) Компьютерлік революция
- D) Ғылыми-техникалық революция
- E) Өнеркәсіп революциясы
- F) Ғылыми өндіріс

10. Химия өнеркәсібі дамыған мемлекеттер:

- A) Өзбекстан
- B) АҚШ
- C) Боливия
- D) Жапония
- E) Эквадор
- F) Аргентина
- G) Қазақстан

11. Автожол ұзындығы бойынша жетекші елдер:

- A) Мальта
- B) Италия
- C) АҚШ
- D) Армения
- E) Қытай
- F) Греция
- G) Үндістан

12. Жоғары дамыған елдердің демографиялық пирамидасының негізгі сипаты:

- A) 70-75 жасқа дейін жетеді
- B) 85-90 жасқа дейін болады
- C) 100 жасқа дейін жетеді
- D) Әйел мен ерлер арасында диспропорция байқалады
- E) Пирамиданың негізі жіңішке болады
- F) Пирамиданың орта және жоғары бөліктері кеңейеді
- G) Пирамиданың басы жіңішке болады
- H) Пирамиданың негізі жуан болады

13. Адамның даму индексі жоғары мемлекеттер:

- A) Эстония
- B) Канада
- C) Чехия
- D) Латвия
- E) АҚШ
- F) Жапония
- G) Украина
- H) Вьетнам

14. Қызмет көрсету салаларының орналасу принципі:

- A) Энергия көзіне жақын
- B) Маусымдық орналасу
- C) Көлік жолдары маңында
- D) Тұтынушыға жақын
- E) Сұраныс көлеміне байланысты жиі орналасу
- F) Қала орталықтарына жақын жерлерде
- G) Инфрақұрылым жақсы дамыған жерлерде
- H) Рекреациялық жерлерде жиі орналасу

15. Еңбек бөлінісінің түрлері (Ю.Г. Саушкин бойынша):

- A) Орталықтар арасындағы еңбек бөлінісі
- B) Фазалық аумақтық еңбек бөлінісі
- C) Басты еңбек (жалпы) бөлінісі
- D) Халықаралық тарих саласы
- E) Географиялық еңбек бөлінісі
- F) Тараулық еңбек бөлінісі
- G) Орталық еңбек бөлінісі
- H) Жекеленген мамандану саласы

16. Өнеркәсіптік ауданның аумақтық құрылымының негізгі құраушылары:

- A) Өнеркәсіптік орталықтар
- B) Объектілер
- C) Түсті металдардың энергоөндірістік кезеңі
- D) Пункттер
- E) Қара металдардың энергоөндірістік кезеңі
- F) Өнеркәсіптік зона
- G) Өнеркәсіптік және көліктік (транспорттық) тораптар
- H) Өндірістік – аумақтық кешендер, аудандар

17. Аумақтық-өнеркәсіп кешенінің негізгі белгілері:

- A) Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметі
- B) Әкімшілік және экономикалық қызметі
- C) Рекреациялық қызметі
- D) Мәдениеті және тарихи қызметі
- E) Өндіріспен өнеркәсіп құрамына кіретін кәсіпорындардың өзара байланысы
- F) Муниципалды ұйымдардың өзара байланысы
- G) Жергілікті, экономикалық әлеуметтік және мәдени ресурстарды тиімді пайдалану
- H) Пайдалы қазбалар көздерінің өзара байланысы

18. «Жүйелік» әдісінің негізгі белгілері:

- A) Тұтастық
- B) Ажыратылыстық
- C) Ұқсастық
- D) Құрылымды
- E) Ұсақтау
- F) Қисындылық
- G) Эмердженттық
- H) Тізбектілік

19. Далалық зерттеулер арнайы құрастырылған бағдарламалармен өткізіледі:

- A) Экономикалық аумақтарды зерттеу
- B) Үлгі (кілт) болып қабылданған аумақты зерттеу
- C) Аумақты кешенді зерттеу
- D) Маршруттық зерттеу
- E) Ғарыштық фото-суреттерді зерттеу
- F) Қалалық агломерациялар
- G) Ауылдық пункттерді зерттеу
- H) Ірі қалаларды зерттеу

20. Ю.Г. Саушкиннің пікірінше Н.Н. Баранскийдің экономикалық географияға қосқан үлесі:

- A) Ауыл шаруашылық географиясын дамытты
- B) Территориялық өндірістік кешен ұғымын енгізген
- C) Ғылымның шығу тарихын зерттеді
- D) Экономикалық географияны басқа ғылымдармен байланыстырған
- E) Географиялық еңбек бөлінісін негізгі түсінік деп қарастырған
- F) Жаңа саланы - қалалар географиясын құруы
- G) Экономикалық-географиялық жағдай теориясын айтуы
- H) Әдіс, тәсілдерін зерттеді

21. Далалық зерттеу арнайы дайындалған бағдарлама бойынша жүзеге асады:

- A) Басты аудандарды зерттеу
- B) Аумақты толықтай зерттеу
- C) Экономикалық аудандарды зерттеу
- D) Қалалық агломерациялар
- E) Ірі қалаларды зерттеу
- F) Ғарыштық фото және телетүсірілім
- G) Маршрутты бақылау
- H) Ауыл пунктерін зерттеу

22. Экономикалық географиядағы жүйелік-құрылымдық әдістің негізі:

- A) Энергия
- B) Операция
- C) Құрылым
- D) Басқармалық
- E) Тұрақтылық
- F) Жүйе
- G) Тәуелділік
- H) Байланыс

23. Рекреациялық географияға кіреді:

- A) Туризм географиясы
- B) Табиғат белдеуі
- C) Еңбек миграциясы
- D) Табиғат
- E) Демография
- F) Табиғи орта
- G) Адамдардың физикалық және рухани тұрғыдан демалуы
- H) Демалыс географиясы

24. Аумақтық-рекреациялық жүйеге:

- A) Рекреациялық ресурстар
- B) Табиғи нысандар
- C) Ауыл округы
- D) Табиғи-мәдени нысандар жиынтығы
- E) Қалалар
- F) Елді-мекендер
- G) Ауыл тұрғындары
- H) Қала тұрғындары

25. Экономикалық дамуы артта қалған елдер:

- A) Испания
- B) Бурунди
- C) Ауғанстан
- D) Қазақстан
- E) Канада
- F) Ресей
- G) Мали
- H) Франция

**Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы

1. Саяси картаның өзгеруіне әсер ететін факторлар:

- A) Шаруашылық байланыстары
- B) Елдің тәуелсіздігінен айырылуы
- C) Көші-қон
- D) Халықаралық туризм
- E) Сыртқы сауда
- F) Сауда-саттық

2. Сарқылмайтын ресурстар:

- A) су, жел энергиясы
- B) энергетика
- C) күн сәулесі
- D) биологиялық
- E) ауа массалары
- F) пайдалы қазбалар

3. Бір ұлтты мемлекеттер тобына жататын мемлекеттер (негізгі ұлттың құрамы халықтың 90% құрайды):

- A) Жапония
- B) Үндістан
- C) Индонезия
- D) Нигерия
- E) Бразилия
- F) Испания

4. Табиғи ортада экологиялық проблема тудыратын ең «лас» өнеркәсіп салалары:

- A) Мұнай өндіру
- B) Мал шаруашылығы
- C) Тоқыма өнеркәсібі
- D) Тау-кен өнеркәсібі
- E) Тамақ өнеркәсібі
- F) Жылу энергетикасы
- G) Жеңіл өнеркәсібі

5. Латын Америкасы елдерінің аймағы:

- A) Ла-Плата
- B) Орталық
- C) Кариб
- D) Кордильер
- E) Жерорта теңіздік
- F) Оңтүстік-Шығыс
- G) Шығыс
- H) Аиды

6. Әлемнің жүк тығыздығы жоғары ірі бұғаздары:

- A) Дат
- B) Ла-Манш
- C) Босфор
- D) Малакка
- E) Флорида
- F) Гибралтар
- G) Скагеррак
- H) Па-де-Кале

7. Көмірді экспорттаушы елдер:

- A) Қытай
- B) Испания
- C) Венгрия
- D) Индонезия
- E) Мексика
- F) Жапония
- G) Аустралия

8. Әлемдегі аса ірі теңіз порттары:

- A) Вадуц
- B) Андорра
- C) Прага
- D) Вена
- E) Роттердам
- F) Антверпен
- G) Улан-Батор

9. Газ отынымен жұмыс жасайтын әлемдегі ірі ЖЭС-тар:

- A) Майляо
- B) Синта
- C) Кендал
- D) Тукуруи
- E) Порён

10. Әлемдегі станок және темір соғатын құралдар өндірісінің 50% пайызы тиесілі мемлекеттер:

- A) Финляндия
- B) Корея Республикасы
- C) АҚШ
- D) Италия
- E) ГФР
- F) Канада
- G) Жапония
- H) Франция

11. Радиоактивті металлдар:

- A) вольфрам
- B) молибден
- C) кобальт
- D) ванадий
- E) радий
- F) малахит
- G) уран
- H) торий

12. Қазіргі кезде меринос жүні өндірілетін елдер:

- A) Аргентина
- B) Өзбекстан
- C) Қазақстан
- D) Қытай
- E) Тәжікстан
- F) АҚШ
- G) Қырғызстан
- H) Венгрия

13. Отын мен энергияны аз қажет ететін химиялық өнімдер:

- A) синтетикалық каучук
- B) полиэтилен
- C) калий сульфаты
- D) капронды жібек талшықтар
- E) хлорлы калий
- F) калий магнезиясы
- G) метанол

14. Химия өнеркәсібіндегі трансұлттық компаниялар:

- A) Юнайтед Стейтс
- B) Омега
- C) Нормандия
- D) Доу Империзэл
- E) Дюпон
- F) Доу Кемикал

15. Дүние жүзі саяси картасының қалыптасу кезеңдері:

- A) қазіргі
- B) ертедегі
- C) алғашқы қауымдық
- D) феодалдық
- E) ортағасырлық
- F) ежелгі

16. Өңделген жерлердің деградацияға ұшырау үдерістері:

- A) батпақтану
- B) эрозия
- C) ылғалдану
- D) суару мелиорациясы
- E) алқаптарды қысқаруы

17. Парламенттік республикаға жататын елдер:

- A) Қытай
- B) Италия
- C) Сауд Арабиясы
- D) Малайзия
- E) Ұлыбритания

18. Әлемнің саяси картасында Африкадағы монархиялық елдер:

- A) Танзания
- B) Ливия
- C) Марокко
- D) Лесото
- E) Свазиленд
- F) Сомали

19. Теократтық монархия елдері:

- A) Сауд Арабиясы
- B) Лихтенштейн
- C) Ливия
- D) Ватикан
- E) Бруней

20. Дүниежүзілік шаруашылықтағы өзара әрекеттесудің жаңа субъектілері:
- A) трансұлттаралық корпорациялар (ТҰК)
 - B) аса көп халықтар
 - C) халықаралық ұйымдар
 - D) қызмет орындары
 - E) ауылшаруашылық өнімдер
 - F) өнеркәсіп орындары
21. Электроника өндірісі саласы құрылымының негізгі топтары:
- A) электр өндірісі
 - B) өндірістің электрондық құралдарын ақпараттық өңдеу
 - C) тұрмыстық техникалық аппараттар өндірісі
 - D) өндірістегі қарым-қатынас
 - E) өндірістегі байланыс құралдары
22. 2010 жылы Кедендік Одаққа мүше болған елдер:
- A) Әзербайжан
 - B) Қытай
 - C) Ресей
 - D) Молдова
 - E) Түркменстан
 - F) Қазақстан
 - G) Украина
23. Шаруашылық құрылымындағы экономикалық секторлар:
- A) қызмет көрсету сферасы
 - B) өнеркәсіп
 - C) халық көрсеткішін есептеу
 - D) ақпараттық технология
 - E) ауыл шаруашылығы
24. Тікелей шетелдік инвестиция (ТШИ):
- A) шетелдік банктердің несиелік кепілдіктерін арттыру
 - B) жаңа технологиялардың трансфері ретінде қабылдаушы мемлекет үшін маңызға ие қаражат көзі
 - C) қаражаттарды жаңа технология дамыту бағытында бөлу
 - D) жаңа құрылысқа, жабдықтауға, жұмыс жасап тұрған кәсіпорынды ұлғайтуға кеткен қаражат
 - E) қабылдаушының экономикасы үшін қосымша капитал ағысы

25. Мұнайды көлемі 30-50 мың м³ болатын..... сақтайды:

- A) титан ыдыстарында
- B) шойындарда, темір бетондарда
- C) жерасты резервуарында
- D) шыны ыдыстарда
- E) алюминий ыдыстарында

**Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақстан географиясы

1. "Үлкен сызбаға " («Книга Большому Чертежу») енген жерлер:

- A) Сарыарқа
- B) Шығыс Еуропа жазығы
- C) Іле бойы
- D) Алакөл қазаншұңқыры
- E) Бетпақдала
- F) Орталық Қазақстан

2. Мұздық шөгінділер орналасқан аудандар:

- A) Жетісу Алатауы
- B) Торғай жазығы
- C) Тянь-Шань таулары
- D) Алтай
- E) Жем өзенінің алқабы
- F) Жалпы Сырт
- G) Арал маңы

3. Геотектоникалық құрылымы бойынша Қазақстанның қатпарлы облыстары:

- A) Тянь-Шань
- B) Малайсары
- C) Мұғалжар
- D) Каспий ойпаты
- E) Мыңшұңқыр
- F) Алтай
- G) Гималаи
- H) Памир

4. Биіктік белдеулікті сипаттайтын факторлар:

- A) Ауа температурасының тауаралық шатқалдардағы әртүрлілігі, тау жоталарының тосқауылдық рөлі
- B) Ауа массаларының бірқалыптылығы
- C) Бұлттылық пен жауын-шашынның басымдылығы
- D) Өсімдік жамылғысының өзгермейтіндігі
- E) Орографиялық ерекшеліктердің біртектілігі
- F) Топырақ жамылғысының барлық белдеулерде ұқсастығы
- G) Жануарлар әлемінің жұтандығы

5. Қазақстан аумағында таралатын ауа массаларының түрлері:

- A) Қоңыржай ендіктердің еуропалық ауа массасы
- B) Субтропиктік континенттік ауа массасы
- C) Оңтүстік Шығыс Азиялық ауа массасы
- D) Арктикалық теңіздік ауа массасы
- E) Жерортатеңіздік ауа массасы
- F) Антарктикалық ауа массасы
- G) Тропиктік ауа массасы

6. Қазақстанның оңтүстігіне тән табиғат зоналары:

- A) Арктикалық зона
- B) Субтропикалық зона
- C) Дала
- D) Биіктік белдеулік
- E) Орманды дала
- F) Орман зонасы

7. Қазақстанның ішкі су алабына жататын өзен:

- A) Тобыл
- B) Іле
- C) Нұра
- D) Есіл
- E) Аякөз
- F) Үлбі
- G) Шаған

8. Қазақстандағы кеме жүретін өзен:

- A) Ертіс
- B) Жайық
- C) Шу
- D) Тентек
- E) Арыс
- F) Көксу

9. Реликті және қалдық көлдер:

- A) Марқакөл
- B) Жасылкөл
- C) Арал
- D) Алакөл
- E) Балқаш

10. Қазақстанның тектоникалық көлдері:

- A) Сілеті теңізі
- B) Қарасор
- C) Ыстықкөл
- D) Балқаш
- E) Алакөл
- F) Севан
- G) Марқакөл

11. Қазақстандағы көлемі 4км^3 асатын үлкен мұздықтар кездестін тау жоталары:

- A) Қызғыз жотасы
- B) Талас Алатауы
- C) Жетісу Алатауы
- D) Іле Алатауы
- E) Теріскей Алатауы

12. Қазақстанның құрғақ дала және шөлейт зоналарындағы топырақ түрлері:

- A) Сазды
- B) Сортаң
- C) Қоңыр
- D) Қара қоңыр
- E) Қара

13. Шөлейт зонасының өсімдік түрлері:

- A) Сексеуіл
- B) Бетеге
- C) Қамыс
- D) Қарағай
- E) Қайың
- F) Боз

14. Қазақстан тауларының фаунасын құрайтын түрлер:

- A) Тибет және үнді-гималай өкілдері
- B) Алдыңғы азиялық түрлер
- C) Сібірлік түрлер
- D) Моңғолдық түрлер
- E) Еуропалық түрлер

15. Физикалық-географиялық аудандастыру принциптеріне сәйкес Қазақстан аумағының таулы бөліктері жіктелетін аймақтар:

- A) Алтай-Саян таулы аймағы
- B) Қаратау таулы аймағы
- C) Шыңғыстау таулы аймағы
- D) Ақтау таулы аймағы
- E) Тянь-Шань таулы аймағы
- F) Хромтау таулы аймағы

16. Қазақстан территориясына тән табиғат зоналары:

- A) Шөл және шөлейт зоналары
- B) Қылқан жапырақты ормандар
- C) Жалпақ жапырақты ормандар
- D) Дала зонасы
- E) Орманды дала зонасы

17. Батыс Қазақстан географиялық объектісі:

- A) Баскунчак көлі
- B) Мұғалжар
- C) Каспий
- D) Памир
- E) Корженевский мұздығы
- F) Ембі

18. Қазақстан қандай ресурстардың қорынан дүние жүзінде алғашқы орындарды алады:

- A) Алтын, полиметалл
- B) Қорғасын, молибден
- C) Никель, асбест
- D) Алтын, цемент
- E) Ас тұзы, мирабилит
- F) Алюминий, мыс

19. Жастық және жыныстық құрылымы арқылы шешілетін мәселелер:

- A) экономикалық
- B) демографиялық
- C) репродуктивтік мінез – құлықты
- D) этнографиялық
- E) көші – қон мәселесі
- F) салт – дәстүрді
- G) миграцияны

20. Халықтың орналасуы анықтамасын тұжырымдаған ғалымдар:

- A) Л.С. Берг
- B) П.П. Семёнов-Тян-Шанский
- C) С.А. Ковалев
- D) Ш.М. Надыров
- E) Ш.Ш. Уәлиханов

21. Қазақстанда алтын өндірудің ірі кен орындары:

- A) Жаңажол, Батыс Прорва
- B) Жолымбет, Бестөбе
- C) Қоңырат, Бозшакөл
- D) Жыланды, Ұлытау
- E) Жезқазған, Саяқ

22. Құрылыс материалдар өнеркәсібінің негізгі тобы:

- A) ұстастыратын материал өндіру
- B) минералды – құрылыс шикізатын өндіру
- C) ағаш материалдар
- D) керамикалық заттар
- E) ұсақталған тас
- F) арматура өндірісі
- G) бетон және темірбетон конструкцияларын жасау

23. Халықаралық экономикалық қатынастардың құрылымы:

- A) ғаламдық экология
- B) халықаралық аудандар байланысы
- C) байланыс және телекоммуникация
- D) халықаралық еңбек бөлінісі
- E) халықаралық экономикалық интеграция
- F) халықаралық жұмыс күшінің көші - қоны

24. Автомобиль көлігінің басты ерекшеліктері:

- A) континентаралық көлік
- B) жолаушыға қарағанда жүк тасу басым
- C) қолайсыз аймақтарға көлік ретінде пайдалану
- D) алыс қашықтыққа жүк тасуда бірінші орында
- E) өндірушіден тұтынушыға дейін бірден жеткізеді
- F) шапшаң, тез және дәл уақытта жеткізеді

25. Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданындағы өнеркәсіп тораптары:
- A) Талдықорған-Текелі, Арал өнеркәсіп тораптары
 - B) Астана, Көкшетау өнеркәсіп тораптары
 - C) Петропавл өнеркәсіп торабы
 - D) Қаламқас-Қаражамбас торабы
 - E) Өзен-Жетібай торабы
 - F) Жамбыл-Қаратау, Алматы өнеркәсіп тораптары
 - G) Шымкент-Кентау, Қызылорда өнеркәсіп тораптары

**Қазақстан географиясы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**